

Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 ақпандағы
№ 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.02.2015 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау т у р а л ы е р е ж е с і ;

2) Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоюсыз міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу ережесі;

3) Жеке және заңды тұлғаларға жануарлар мен адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу қағидалары мен ш а р т т а р ы ;

4) Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі;

5) Алдын алу, диагностикасы және жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі;

6) Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру е р е ж е с і ;

7) Шекара және кеден пункттерінде (автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) ветеринариялық бақылау пункттерін ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.11 N 1359 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2012.03.07 N 301 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.09.05 N 1146 Қаулыларымен.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 28 сәуірдегі

N 407 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 14-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі негізгі мәселелерді регламенттейді.

2. Ережеде мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын комитеті;

2) ведомствоның аумақтық бөлімшелері – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде орналасқан аумақтық бөлімшелер (облыс, аудан, облыс немесе республикалық маңызы бар қала, астана).

3. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудың және қадағалаудың негізгі мақсаттары:

1) жануарлардың жұқпалы ауруларының, оның ішінде жануарлар мен

адамдарға ортақ аурулардың алдын алу;

2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;

4) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзуды болдырмау, анықтау, жолын кесу және жою.

4. Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган :

1) аумақтық бөлімшелері, оның ішінде ветеринариялық бақылау бекеттері бар ведомство ;

2) мемлекеттік органдардың жануарларды ұстайтын және пайдаланатын ветеринариялық бөлімшелері болып табылады.

2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар

5. Қазақстан Республикасында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды :

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасарлары;

2) ведомствоның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары;

3) ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары және олардың орынбасарлары;

4) ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің, оның ішінде ветеринариялық бақылау бекеттерінің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары ;

5) ішкі сауда объектілерінің және жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдардың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары ;

6) жануарларды ұстайтын және пайдаланатын мемлекеттік органдардың ветеринариялық бөлімшелерінің басшылары және олардың тиісті мемлекеттік органдарға тиесілі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды

және қадағалауды жүзеге асыратын орынбасарлары жүзеге асырады.

6. Ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның басшысы ведомство басшысына «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы» деген арнайы атау беруге құқылы.

Ведомствоның басшысы «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының орынбасары» деген арнайы атаулар беруге, ал аумақтық ведомство бөлімшелерінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің тиісті лауазымдарына «бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор» және «бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың орынбасары» деген арнайы атаулар беруге құқылы.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды тікелей жүзеге асыратын ведомствоның өзге лауазымды адамдары мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар болып табылады.

7. Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың және олардың орынбасарларының өзінің мемлекеттік тілдегі атауы бар мөрі, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

3. Қазақстан Республикасында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

8. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының орындалуын тексеру мақсатында:

1) ішкі сауда объектілерінде;
2) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда;

3) ветеринария саласындағы, оның ішінде лицензияланатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларда;

4) мемлекеттік монополияға жатқызылған мынадай функцияларды:
Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасын;
ветеринария саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың энзоотиялық ауруларының диагностикасын жасауды жүзеге

асыру мақсатында құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорында;
5) мынадай функцияларды:
жануарлар ауруларының диагностикасы жөніндегі референттік функцияны;
Қазақстан Республикасындағы жабайы жануарлар ауруларының
эпизоотиялық мониторингін;
сақтаулы микроорганизмдер штаммдарының Ұлттық коллекциясын жүргізуді
;

ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарын,
байқаудан өткізуді, сондай-ақ препараттарға шағым түскен кезде олардың
серияларын (партияларын) бақылауды;
тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік
мониторингті, референцияны;
ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының
қауіпсіздік мониторингін жүзеге асыру мақсатында құрылған республикалық
мемлекеттік кәсіпорында;

6) мынадай функцияларды:
Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген
жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошақтарын жоюды;
ветеринариялық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын дезинфекциялауды;
аса қауіпті аурулармен ауыратын жануарларды мемлекеттік органдардың
шешімі бойынша алып қоюды және жоюды;
ветеринариялық препараттардың республикалық қорын сақтауды жүзеге
асыру мақсатында құрылған мемлекеттік ветеринариялық мекемелерде;

7) мынадай функцияларды:
жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы
ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді;
ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;
жануарларды қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді;
жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы
ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл
шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүргізу үшін ветеринариялық
мақсаттағы бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу)
бойынша қызметтер көрсетуді;
тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары
салған мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырды), мал соятын алаңдарды
күтіп-ұстауды;

қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды;
Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған ветеринария
саласындағы өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру мақсатында жергілікті

атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарда;

8) шекара және кеден пункттерінде (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалданатын (орны ауыстырылатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде;

9) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақыланатын және қадағаланатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өткізу (тасымалдау), тиеу, түсіру кезінде;

10) жануарлар аурулары қоздырғыштарының берілу факторлары болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде ыдыстардың, буып-түю материалдарының барлық түрлерінде;

11) тасымалдау (өткізу) бағыттары өтетін мал айдау трассаларында, бағыттарында, жайылым және жануарларды суару аумақтарында;

12) аумақтарда, өндірістік үй-жайларда және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, қайта өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне;

13) мал көметін жерлерді (биотермиялық шұңқырларды), ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта құру және пайдалануға енгізу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауда және қадағалауда болатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына;

14) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

9. Осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген объектілерде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды тиісті аумақтардың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары тексеру нысанында және ветеринариялық ілеспе құжаттарды қарауды қоса алғанда, өзге нысандарда жүзеге асырады.

10. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге нысандары «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының кеден органдарына іссапарға жіберілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар жүзеге асырады.

Ішкі сауда объектілерінде, жануарларды өсіру, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындау (сою), сақтау, пайдалану, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарда, шекара және кеден пункттерінде (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын жүктерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде, сондай-ақ жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары бойынша карантин аймақтарында және қолайсыз пункттерде ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жануарлардың жұқпалы ауруларының таралуының белең алуын болғызбау, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағын жануарлардың аса қауіпті және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау күн сайын жүзеге асырылады.

11. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтау бойынша ветеринария саласында кәсіпкерлікпен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексерулерін жүргізу малдарды ұстайтын және падаланатын ведомствоның және оның аумақтық құрылымдық бөлімшелерінің, мемлекеттік органдардың ветеринариялық бөлімшелерінің шешімімен іске асырылады.

12. Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуын тексеру нәтижелері бойынша тексеруші мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор тексеру актісін жасайды.

13. Ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудың өзге де нысандарының нәтижелері бойынша ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және Қазақстан

ветеринариялық-санитариялық инспекторына беріледі. Тексерілетін адам актіні қабылдаудан бас тартқан жағдайда актінің тиісті данасы оған поштамен жіберіледі.

18. Ветеринария саласындағы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау актісі арнайы тексеру актілерін тіркеу журналында тіркеледі, ол нөмірленген, тігілген және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ветеринариялық бөлімшелерінің мөрімен бекітілген болуға тиіс.

19. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерді беру және жасау тәртібін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

20. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттар (ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі және ресімделеді.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың құқықтары

21. Қазақстан Республикасында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың:

1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы нормаларының орындалуын тексеру, сондай-ақ ветеринария саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпарат алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен (қызметтік куәлігін көрсете отырып) кедергісіз кіруге;

2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің диагностикасы немесе ветеринариялық-санитарлық сараптама үшін оларға зерттеу жүргізу мерзімі туралы мүдделі тұлғаларға хабарлай отырып, олардың сынамаларын іріктеп алуды жүргізуге;

3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүргізуге;

4) ветеринариялық құжаттар беруге;

5) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10

шілдедегі Заңында берілген өкілеттіліктер шегінде актілер шығаруға;

6) ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта, сондай-ақ қолайсыз пункттерде жануарлардың саулығы мен адам денсаулығы үшін қауіп төндіретін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қоюға және жоюға, оларды залалсыздандыруды (зарарсыздандыруды) немесе қайта өңдеуді ұйымдастыруға қатысуға, сондай-ақ көрсетілген фактілер туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға;

7) жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының пайда болу және таралу әрі ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпті жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың шығу себептерін, жағдайларын белгілеуге;

8) өзіне жүктелген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

9) жануарлар мен адамдарға ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлардың ерекше қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының пайда болу немесе таралу катері төнген жағдайларда Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сот шешімінсіз жеке немесе заңды тұлғаның шаруашылық қызметін тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға ;

10) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қ о л д а н у ғ а ;

11) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзған жағдайда сотқа талап-арыздар беруге құқығы бар.

5. Қазақстан Республикасында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруы

22. Қазақстан Республикасында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар:

1) Қазақстан Республикасының ветеринария, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға;

2) ветеринариялық бақылау бекеттерін қоса алғанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыруға

және

жүзеге

асыруға;

3) Қазақстан Республикасының ветеринария, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын бұзудың дер кезінде алдын алу, анықтау, жолын кесу және жою жөнінде өзіне берілген өкілеттіліктерді осы Ережеге сәйкес пайдалануға;

4) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде қызметтік және өзге де сипаттағы мәліметтерді жария етпеуге;

5) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық есепке алу мен есеп беруді жүргізуге және оларды белгіленген тәртіппен уақтылы табыс етуге тиіс;

6) ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақта, сондай-ақ қолайсыз пункттерде жануарлардың саулығы мен адам денсаулығы үшін қауіп төндіретін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қоюға және жоюға, оларды залалсыздандыруды (зарарсыздандыруды) немесе қайта өңдеуді ұйымдастыруға қатысуға, сондай-ақ көрсетілген фактілер туралы ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға тиіс.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 8

с ә у і р д е г і

№

4 0 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу ережесі

Ескерту. Мемлекеттік тілдегі тақырыбы мен мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қоюдың және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандырудың (зарарсыздандыру) және қайта өңдеудің осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "

Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңы 30-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қоюдың және жоюдың немесе алып қоймай міндетті түрде залалсыздандырудың (зарарсыздандырудың) және қайта өңдеудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің әрекеті:

1) жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өндірумен, дайындаумен (союмен), сақтаумен, қайта өңдеумен, өткізумен айналысатын барлық жеке және заңды тұлғаларға;

2) жануарлардың ерекше қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі функцияларды орындайтын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға (бұдан әрі – мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар);

3) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қаулысымен.

2. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою тәртібі

3. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою жеке және заңды тұлғаларға олардың құнын өтей отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін Жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2013 № 136 қаулысымен.

3-1. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды алып қою және жою туралы қаулыны аурудың бар екенін растайтын ветеринариялық зертхана сараптамасының актісі негізінде Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы қ а б ы л д а й д ы .

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы қабылдайтын жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды алып қою және жою туралы қаулы уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесіне және ерекше қауіпті аурумен ауырған жануарларды алып қоюды және жоюды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымға тиісті шаралар қабылдау үшін дереу жеткізіледі.

Ескерту. Ереже 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 15.02.2013 № 136 қаулысымен.

3-2. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды алып қою және жою туралы қаулыны ветеринариялық зертхана сараптамасының актісі негізінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы қабылдайды.

Ескерту. Ереже 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 15.02.2013 № 136 қаулысымен.

4. Жануарларға және адам денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қоюға және жоюға байланысты мәселелерді шешу үшін осы Ереженің 3-1 және (немесе)

3-2-тармақтарына сәйкес қабылданған қаулылар негізінде ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосының тиісті аудандық (қалалық) аумақтық бөлімшесінің бұйрығымен жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының, мемлекеттік ветеринариялық ұйымның өкілдерінен, тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторынан тұратын комиссия құрылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2013 № 136 қаулысымен.

5. Тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы комиссия мүшелерінің міндетті түрде қатысуымен ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда үш дана алып қою актісін жасайды, ол комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылып, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган аудандық (қалалық) аумақтық ведомство бөлімшесінің мөрімен бекітіледі.

Актінің бірінші данасы жануарлар мен адам денсаулығына қауіп төндіретін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың иесіне қолхат арқылы тапсырылады, екінші данасы мемлекеттік ветеринариялық ұйымның өкіліне беріледі, үшінші данасы тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторында қалады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

6. Жануарларға және адам денсаулығына қауіп төндіретін алып қойылған жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттар белгіленген тәртіппен жойылады немесе залалсыздандырады (зарарсыздандырады).

7. Ауданның (қаланың) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы жануарларға және адам денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды алып қою актісінің негізінде "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алып қою туралы қосымшаға сәйкес қаулы (бұдан әрі - қаулы) шығарады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Жануарларға және адам денсаулығына қауіп төндіретін алып қойылған жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды оларды алып қою туралы қаулыда не оған қоса берілетін тізімдемеде толық атауы, саны, салмағы және басқа да белгілерінің сипаттамалары толық көрсетіліп жазылады.

9. Жануарларға және адам денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың иесі жасырған немесе олардан бас тартқан жағдайда оларды алып қою не жою рәсімдеріне байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ш е ш і л е д і .

10. Жануарлардың ерекше қауіпті жұқпалы ауруларының қоздырғыштары көздерінің таралуына және қоршаған ортаның ластануына жол бермеу мақсатында жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды жоюға байланысты барлық жұмыстар осы мақсаттар үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен арнайы бөлінген ж е р л е р д е жү р г і з і л е д і .

11. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты тасымалдау (жеткізу) және жою көлік құралдарын дезинфекциялау жөніндегі ветеринариялық-санитариялық ереже талаптарына, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен жануарлардың жұқпалы ауруларының алдын алу және жою жөніндегі нұсқаулықтарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

12. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды алып қою және жою жөніндегі ветеринариялық Іс-шараларды орындауға байланысты барлық жұмыстар тиісті аумақтағы мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының тікелей бақылауымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (

қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

13. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар аяқталған соң тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы осы Ереженің 2-тарауының 5-тармағында көрсетілген комиссия мүшелерінің қатысуымен ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша жою туралы а к т ж а с а й д ы .

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

14. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды жою туралы актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аудандық (қалалық) аумақтық басқармасының м ө р і м е н б е к і т і л е д і .

15. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

16. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

17. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін алып қойылған жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды жоюға байланысты барлық шығыстар, сондай-ақ иелеріне олардың құнын өтеу республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

3. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу тәртібі

18. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінде тиісті аумақтағы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың нұсқамасы және ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Жануарлар ауруларының тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146

Қ а у л ы с ы м е н .

19. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөптік қоспалар анықталған кезде тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы клиникалық-эпизоотологиялық тексеру негізінде жүк иесіне ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша оларды зарарсыздандыру (зарарсыздандыру) жөнінде тиісті нұсқама б е р е д і .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

20. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыруды (зарарсыздандыруды) және қайта өңдеуді олардың иесі ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелердің талаптарына сәйкес жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұ й ы м д а р д а жү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қ а у л ы с ы м е н .

21. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу жөніндегі іс-шаралар тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетті қатысуы кезінде жү р г і з і л е д і .

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

22. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуге тапсыру жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды аяқтағаннан кейін тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша олардың та п с ы р ы л у ы т у р а л ы а к т ж а с а ы д ы .

Ескерту. Ереже 22-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.31 № 611 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін

жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қайта өңдеуге тапсырылуы туралы актіге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұйымның басшысы және жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың иелері қол қояды және ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосының аудандық (қалалық) аумақтық бөлімшесінің мөрімен бекітіледі.

Ескерту. Ереже 23-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.31 № 611 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

24. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоюсыз міндетті залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу кезінде тиісті аумақта жануардың бір басының және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың нарықтық құнының 30 %-нан аспайтын мөлшердегі құны жергілікті бюджет есебінен өтеледі, ал құнының қалған бөлігін жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұйым өтейді.

Ескерту. Ереже 24-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.31 № 611 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоюсыз міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу ережесінің қосымшасы

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
ветеринариялық-санитариялық бақылау

**Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттарды алып қою туралы
ҚАУЛЫ**

А N 000000000 " _____ " _____ 200__ жыл

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 30 бабының 1 тармағына сәйкес ауырған жануарларды, жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттарды алып қою актісі және _____ ветеринариялық зертхана берген N _____ сараптама актісі негізінде N _____

жеке және заңды тұлғаларға/

_____ (жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты, заңды тұлғаның аты) мекен-жайы _____

жануарларды, жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттарды алып қою жүргізілсін

_____ (жануарлардың түрі, саны, жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттардың атауын _____ көрсету _____ керек) себебі _____

_____ (алып қоюдың себептерін көрсету керек)

Жеке және заңды тұлғаларға жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды алып қою салдарынан келтірілген залал төленсін/төленбесін (керексізі _____ сызып _____ тасталсын)

Басқа мағлұматтар _____

Қаулы шығарған тұлғаның лауазымы және қолы _____

Мөрдің орны _____

(Т.А.Ә., лауазымы) (қолы) _____

«Ветеринария _____ саласындағы _____ нормативтік құқықтық _____ кесімдерді _____ бекіту _____ туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 28 сәуірдегі

№ 407 қаулысымен

бекітілген

Жеке және заңды тұлғаларға жануарлар мен адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу қағидалары мен шарттары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.07 N 301 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке және заңды тұлғаларға жануарлар мен адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағдидалар) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін ауру жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қою және жою кезінде олардың құнын өтеудің бірыңғай тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Жануарлар мен адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құны міндетті түрде өтеуге жатады.

3. Жануарлар мен адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін ауру жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қоюға және жоюға байланысты шығыстарды жабуды ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жануарлардың ерекше қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі функцияларды орындайтын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар) арқылы республикалық бюджет есебінен жүргізеді.

2. Жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін ауру жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қою және жою кезінде өтеуге жататын құнды айқындау

4. Жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу:

1) облыс (республикалық маңыздағы қала, астана) аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда жануарлардың аса қауіпті аурулары пайда болған жағдайда, облыс (республикалық маңыздағы қала, астана) әкімінің шешімімен құрылатын арнайы комиссияның;

2) аудан (облыстық маңыздағы қала) аумағында жануарлардың аса қауіпті аурулары пайда болған жағдайда, аудан (облыстық маңыздағы қала) әкімінің шешімімен құрылатын арнайы комиссияның ұсынысы бойынша, ауыл шаруашылығы жануарларының жыныстық-жас топтарын, түрлерін, буаздығын және асыл тұқымдық құндылығын ескере отырып, жіктелген ставкалар (бұдан әрі – ставкалар) негізінде жүргізіледі.

Бағаларға мониторинг жүргізуге уәкілетті агроөнеркәсіп кешені саласындағы мамандандырылған ұйымның (бұдан әрі – мамандандырылған ұйым) және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының (бұдан әрі – аумақтық статистика органы) арасында деректер айырмашылығы болған жағдайда, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат құнының ставкасы орташа айлық нарықтық бағаның төменгі көрсеткіштері бойынша арнайы комиссияның ш е ш і м і м е н қ а б ы л д а н а д ы .

5. Облыс (республикалық маңыздағы қала, астана) және аудан (облыстық маңыздағы қала) деңгейінде құрылатын арнайы комиссия алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орташа айлық нарықтық бағасының ставкасы туралы шешімді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі мамандандырылған ұйымның және аумақтық статистика органдарының деректері негізінде қабылдайды.

6. Мамандандырылған ұйымның, аумақтық статистика органының ақпаратын жинау мен талдауды жүзеге асыратын және алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат құнының ставкасын анықтау үшін оны арнайы комиссияның қарауына ұсынатын ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган ведомствосының тиісті облыстық немесе аудандық аумақтық бөлімшесі арнайы комиссияның жұмыс о р г а н ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

7. Арнайы комиссияның құрамына жергілікті өкілді және атқарушы органдар, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері, мамандандырылған ұйымның, мемлекеттік ветеринариялық ұйымның, кәсіпкерлік субъектілердің қоғамдық бірлестіктерінің ө к і л д е р і к і р е д і .

Арнайы комиссияның ережесін тиісінше облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) не аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі бекітеді.

Арнайы комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде бес адам болуы тиіс. Комиссияның төрағасы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдері, әкім жоқ болған жағдайда, оның міндетін атқарушы лауазымды тұлға болып т а б ы л а д ы .

8. Арнайы комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін ауру жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті аурулары тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) енгізілген аурулар диагнозы белгіленген сәттен бастап үш күн ішінде алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан

алынатын өнімдер мен шикізаттың орташа айлық нарықтық құнын өтеу
ставкалары туралы шешім шығарады.

Арнайы комиссияның шешімі дауыстардың көпшілігімен қабылданады,
дауыстар тең болған кезде, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып
табылады. Дауыс беру қорытындысы бойынша алып қойылатын және
жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен
шикізаттың құнын өтеу ставкаларын белгілеу туралы акт жасалады.

3. Жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қою және жою кезіндегі құнын өтеудің шарттары

9. Иесіне алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың,
жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу шарты ауру
жануарларда тізбеге енгізілген аса қауіпті аурулардың болуы, сондай-ақ жеке
және заңды тұлғалардың Заңның 25-бабында белгіленген талаптарды сақтауы
б о л ы п т а б ы л а д ы .

10. Құнын өтеу осы Қағидалардың 8-тармағында белгіленген алып
қойылатын және жойылатын ауру жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер
мен шикізат құнының ставкасы бойынша алып қойылған ауру жануарлардың бір
басы және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың бір килограммы (литр
, ондық) есебімен жүзеге асырылады.

4. Жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың құнын жеке және заңды тұлғаларға өтеу кезіндегі сомаларды төлеу тәртібі

11. Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан
алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеуге мынадай құжаттар негіздеме
б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) қолайлы шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұсақ қара мал бруцеллезін
қоспағанда, жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін
жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда тиісті аумақтың бас
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша
карантин режимді және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантиндік
аймақтың ветеринариялық режимін белгілеу туралы жергілікті атқарушы
о р г а н н ы ң ш е ш і м і ;

2) комиссия мүшелері қол қойған, ауру жануарларды, ауру жұқтырған

жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоюға және жоюға арналған актілер;

3) диагностика немесе мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерінің ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері бойынша ветеринариялық зертханалар беретін сараптама актісі;

4) алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу ставкаларын белгілеу туралы арнайы комиссияның актісі;

5) жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қою туралы ауданның (қаланың) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының қаулысы;

6) ветеринариялық паспорт.

12. Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды жинауды мемлекеттік ветеринариялық ұйым жүзеге асырады.

13. Жеке және заңды тұлғаларға алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеуді оларды алып қойғаннан және жойғаннан кейін он күн жұмыс күні ішінде мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 с ә у і р д е г і

№ 4 0 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жануарларға және адамдар денсаулығына ерекше қауіп төндіретін Жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін кездегі жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.16 N 423, 2004.11.16 N 1207, 2005.09.16 N 922 Қаулыларымен.

Ескерту. Мемлекеттік тілдегі тақырыбы және мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.31 № 2332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Жануарларға және адам денсаулығы үшін ерекше қауіп төндіретін ауру жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды алып қою кезінде жануарлардың ерекше қауіпті жұқпалы аурулары өртеп жіберу арқылы ж о й ы л а д ы :

Жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар - мелиоидоз, құтыру, топалаң,

а у с ы л ,

т у л ь р е м и я .

Ірі қара малдың аурулары - ірі қара мал обасы, қарасан, қатерлі ісік, кеміктәріздес энцефалопатия.

Жылқы аурулары - маңқа, індетті лимфангоит, бір тұяқтылардың африка о б а с ы .

Қой және ешкі аурулары - созылмалы инфекциялар (скрепи, маэди-висна, аденомотоз, шешек, күйіс қайыратын ұсақ малдардың обасы), бруцеллез.

Т ү й е аурулары - т ү й е обасы.

Шошқа аурулары - шошқаның африка обасы.

Құс аурулары - құс обасы, құс орнитозы, құстардың жоғары патогенді тұмауы

< * >

Ит және мысық аурулары - ит және мысық токсоплазмозы, мысық м и к р о с п о р и я с ы .

Терісі бағалы аңдар мен үй қояндарының аурулары - үй қояндарының миксоматозы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 с ә у і р д е г і

№ 4 0 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Алдын алуы, диагностикасы және жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың ерекше қауіпті ауруларының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.16 N 423; 2004.11.16 N 1207; 2009.09.11 N 1359 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 15.02.2013 № 136 қаулыларымен.

Жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар – құтыру, бруцеллез, Ауески ауруы, лейкоз, лептоспироз, листериоз, пастереллез, топалаң (тері шикізатының асколизациясынан басқа), туберкулез, аусыл, күл, экинококкоз, паратуберкулез, токсоплазмоз, трихофития, риккетсиоздар, туляремия, ауыз уылуы (экзотикалық ауру), Шмалленберг ауруы және басқа экзотикалық аурулар.

Ірі қара малдың аурулары - вирустық диарея, инфекциялық ринотрахеит, парагрипп-3, ірі қара малдың обасы, қарасан, камвилобактериоз, кеміктәріздес энцефалопатия, нодулярлық дерматит (экзотикалық ауру), қойдың хламидиоздық (энзоотикалық) і ш т а с т а у ы . < * >

Қой және ешкі аурулары - қойдың анаэробтық антеротоксемиясы, браздот, қойдың жұқпалы эпидидимиті, жұқпалы пустелездік дерматит (эктима), қойдың хламидиоздік іш тастауы, қойдың және ешкінің жұқпалы ағалактиясы, скрепи,

маеди-висна, аденоматоз, блутанг (экзотикалық аурулар), күйіс қайыратын ұсақ
м а л д а р д ы ң о б а с ы . < * >

Жылқы аурулары - инфекциялық анемия, маңқа, грипп, ринопневмония,
жұқпалы энцефаломиелит, жылқының африка обасы (экзотикалық ауру),
эпизоотиялық лимфангоит. < * >

Түйе аурулары - түйе обасы.

Шошқа аурулары - классикалық оба, тілме, везикулярлық ауру, Тешен ауруы,
вирустық трансмиссивтік гастроэнтерит, африка обасы (экзотикалық ауру),
т ұ м а у .

Құс аурулары - жұқпалы ларинготрахеит, Ньюкасла ауруы, Марека ауруы,
Гамборо ауруы, құс күлі, құс орнитозы, респираторлық микоплазмоз, құстардың
жоғары патогенді тұмауы. < * >

Терісі бағалы аңдар мен үй қояндары аурулары - үй қоянының вирустық
геморрагиялық ауруы, миксоматоз.

Ит және мысық аурулары - ет қоректілердің обасы.

Балық аурулары - тұқы балықтың геморрагиялық септицемиясы, описторхоз.

Бал арасының аурулары - варроатоз, аскофероз.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 жылғы 2 8 с ә у і р д е г і

№ 4 0 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ережесі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының

2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қ а у л ы с ы м е н .

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы) – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның комитеті;

2) ветеринариялық бақылау бекеті – уәкілетті орган ведомствосының шекара және кеден пункттері (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері) аумағында орналасқан, өткізілетін (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қажетті жабдықтармен және аспаптармен жарақтандырылған бөлімшесі;

3) рұқсат - кейін ветеринариялық ілеспе құжатта (ветеринариялық сертификатта) көрсетіліп, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспорты, импорты, транзиті кезінде тізілімде тіркей отырып, уәкілетті орган ведомствосы беретін нөмір, ветеринариялық сертификатты беру үшін негіздеме б о л а д ы ;

4) тізілімнен үзінді көшірме - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импорты, экспорты, транзиті кезінде рұқсат беру туралы уәкілетті орган беретін рұқсат нөмірі мен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы ақпаратты қамтитын жазбаша хабарлама;

5) тізілім - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер туралы мәліметтерді және импортқа, экспортқа, транзитке берілген рұқсат нөмірін қамтитын уәкілетті орган ведомствосының ақпараттық базасы;

6) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер (бұдан әрі – орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер) – жануарлар, жануарлардың жыныстық және соматикалық жасушалары, жануарлар ауруларын қоздырғыштардың штаммдары, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары, патологиялық материал немесе олардан алынатын сынамалар, судың, ауаның, топырақ қабатының, өсімдіктердің сынамалары, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттар, сондай-ақ оларды буып-түю және

тасымалдау үшін пайдаланылатын ыдыстың барлық түрлері және осындай орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдайтын көлік құралдары

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қ а у л ы с ы м е н .

3. Осы Ереже Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қ а у л ы с ы м е н .

4. Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер міндетті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жатады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қ а у л ы с ы м е н .

5. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган шекара және кеден пункттерінде (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бекеттерін (бұдан әрі – В Б Б) ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

ВББ-де мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қ а у л ы с ы м е н .

6. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органдардың бірлескен бұйрығымен бекітілген Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде бақылаушы органдардың өзара әрекет етуі және олардың іс-қимылын үйлестіру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146

Қ а у л ы с ы м е н .

7. ВББ-де мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар қызметтік міндеттерін орындау кезінде ветеринариялық символикасы бар нысанды киім (погонсыз) киеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қаулысымен.

2. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қаулысымен.

8. ВББ-нің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде өткізу пунктінде құжаттамалық бақылауды, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тексеріп қарауды (тексеруді) және зертханалық зерттеу үшін сынама алуды (қажет болса) жүзеге асырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қаулысымен.

9. Құжаттамалық бақылауға:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық ілеспе құжаттың (ветеринариялық сертификаттың) болуын;

2) ветеринариялық сертификатты толтырудың дұрыстығын (толықтығын);

3) экспорттаушы елдің құзыретті органының қолдары мен мөр бедерінің болуын;

4) ветеринариялық сертификатта орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорттаушы немесе импорттаушы елдің ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтердің болуын;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы мәліметтер мен импортқа, экспортқа, транзитке рұқсат нөмірінің тізілімінен алынған үзінді көшірме деректеріне сәйкестігін тексеру кіреді.

10. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні тексеріп қарау (тексеру) :

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект атауының, оның салмағының (көлемінің), жалпы санының таңбалау деректеріне және ветеринариялық сертификаттың мәліметтеріне сәйкестігін тексеруді;

2) көлік құралына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуын тексеруді;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні тасымалдау режимі мен шарттарына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуын тексеруді;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні ветеринариялық қарауды (тасымалдау талаптарына сәйкестігі), ал тірі жануарлар өткізілген жағдайда (қажет болса) термометрияны, тамыр соғысын және тыныс алуын өлшеуді жүргізуді қамтиды.

11. Зертханалық зерттеулер үшін сынама алу:

1) жануарды кейін оқшаулай отырып, олардың клиникалық жағдайының өзгеруі. Жануарлардың аса қауіпті ауруларын анықтау мақсатында қанның, сілекейдің, мұрын ағындыларының, экскрименттердің сынамаларын іріктеу жүзеге асырылады;

2) диагнозын белгілеу мақсатында жануардың өлім-жітімі (патологиялық материал алу);

3) дефростацияның, бүлінудің, тұтастығының, таңбалауының, бұзылуының белгілері, бөтен иістің болуы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің ағуы анықталған кезде жүзеге асырылады.

Іріктеп алынған материалдар зерттеулер жүргізу үшін ілеспе құжатпен бірге жақын жердегі ветеринариялық зертханаға жолданады.

12. ВББ-нің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері негізінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің орнын ауыстырған кезде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) елге кіруге рұқсат;

2) әкелуге тыйым салу;

3) әкелуді уақытша тоқтата тұру.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қ а у л ы с ы м е н .

13. Елге кіруге рұқсат ветеринариялық ілеспе құжаттардың және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкестігі белгіленген кезде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ветеринариялық ілеспе құжатта орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге «әкелуге

рұқсат берілген» деген белгі қояды.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект межелі пунктіне дейін кедергісіз жіберіледі, кейіннен ол межелі пунктінде тіркеліп және қажет болған жағдайда оның қауіпсіздігін растау рәсімі жүргізіледі (сынаманы іріктеп алу және зертханалық зерттеулер жүргізу).

14. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелуге тыйым салу:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) құжаттарға сәйкес болмауы белгіленген;

2) ветеринариялық ілеспе құжаттар, уәкілетті орган ведомствосы берген р ұ қ с а т б о л м а ғ а н ;

3) ветеринариялық ілеспе құжаттарда орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкестігі туралы толық ақпарат болмаған;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті шығарылған елде немесе жөнелтуші елде эпизоотиялық жағдай өзгерген (нашарлаған);

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің әкелінетін, әкетілетін көлемі (саны) ветеринариялық ілеспе құжаттарда көрсетілген көлемнен (саннан) артық болған жағдайда жүзеге асырылады.

Ветеринариялық бақылау бекетінің ветеринариялық-санитариялық инспекторы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық ілеспе құжаттарына «әкелуге тыйым салынған» деген белгі қояды.

Әкелуге тыйым салынған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі оны кеден пункті аумағының шекарасынан тыс әкетуді немесе аса қауіпті аурулардың ену қаупі белгіленген жағдайда жоюды (кәдеге жаратуды) қ а м т а м а с ы з е т е д і .

15. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелуді уақытша т о қ т а т а т ұ р у :

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің сынамаларын іріктеуді жүзеге асыру және оларды аса қауіпті ауруларды белгілеу мақсатында ветеринариялық зертханаға жолдау;

2) ветеринариялық ілеспе құжаттардың деректерін және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелуге, әкетуге рұқсатты нақтылау (р а с т а у) қ а ж е т б о л ғ а н ;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект өткізілетін пункт өзгертілген (жаңа рұқсат алғанға дейін) кезде қабылданады.

16. Тоқтатылып қойған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні орналастыру уақытша сақтау қоймаларында және/немесе нақтылағанға және/немесе зертханалық зерттеулер нәтижелері алынғанға дейін оқшаулағыштарда жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің қауіпсіздігін зертханалық зерттеулердің нәтижелері бойынша расталған жағдайда елге кіргізуге рұқсат беріледі.

Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша аса қауіпті аурулар белгіленген жағдайда әкелуге тыйым салынып, кейіннен жойылады.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі белгіленген жағдайда кәдеге жарату үшін әкелуге рұқсат беріледі.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні кәдеге жарату және/немесе өткізілетін (тасымалданатын) қауіпті объектіні жою Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесіне сәйкес жүргізіледі.

17. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні импорттау кезінде оның соңғы межелі пунктінде сынамаларды іріктеп алу және оның ветеринариялық-санитариялық сараптамасы жүзеге асырылады.

18. ВББ-нің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортын, импортын, транзитін есепке алу журналына тиісті жазбаларды енгізеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қаулысымен.

19. ВББ-нің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары қызмет көрсету аймағында тұрған уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілгені туралы, оның ішінде импорт кезіндегі соңғы межелі пункті туралы, экспорт кезіндегі жөнелту пункті, жүру бағыты, аялдамалары, қайта тиеу, жануарларды азықтандыру (суару) орындары, транзит кезінде тасымалдау (айдап өту) шарттары туралы хабарлайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146 Қаулысымен.

20. Қадағаланбайтын жануарлар Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы Қазақстан Республикасының аумағына өткізілетін болса, ВББ-нің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары көрсетілген жануарларды одан әрі пайдалану туралы шешім қабылданғанға дейін оларды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен карантинге қою үшін уәкілетті орган ведомствосының тиісті шекара маңындағы

аумағында орналасқан бөлімшелеріне береді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146

Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 с ә у і р д е г і

N 4 0 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Шекара және кеден пункттерінде (автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) ветеринариялық бақылау пункттерін ұйымдастыру ережесі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146

Қаулысымен.

1. Осы Шекара және кеден пункттерінде (автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) ветеринариялық бақылау пункттерін ұйымдастыру ережесі «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңы 20-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган шекара және кеден пункттерінде (автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бекеттерін ұйымдастырады (бұдан әрі – бекеттер).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.05 N 1146

Қ а у л ы с ы м е н .

3. Бекеттер, міндетті түрде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер өткізілетін шекара және кеден пункттерінде ұйымдастырылады. Шекара маңындағы мемлекеттердің аумағында жануарлардың ерекше қауіпті

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 маусымдағы N 708 кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 26, 243-құжат).

4. "Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық рейстердің жолаушыларына қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі N 1132 кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырудың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 31, 383-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК